

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

В заключении можно сделать вывод, что одежда играла важную роль в сакральных и религиозных представлениях андроновского времени. Она отражала социальное положение женщины и ее статус в обществе. Ведь женский костюм эпохи бронзы не только отражает эстетику и мастерство древних цивилизаций, но и является ключевым элементом для изучения истории и культуры того времени.

Список использованных источников:

1. Зданович Г. Б. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей (основы периодизации). - Свердловск. Изд-во Урал. ун-та, 1988. 184 с.
2. Куприянова Е.В. Тень женщины: Женский костюм эпохи бронзы как «текст» (по материалам некрополей Южного Зауралья и Казахстана). - Челябинск : Авто Граф, 2008. 244 с.
3. Отчет «Археологические работы 1997 г. в окрестностях г. Степногорска Акмолинской области». - Алматы.1998. 184 с.
4. Усманова Э.Р., Логвин .В Н. Женские наконечники украшений Казахстана. Эпоха бронзы. - Лисаковск, 1998. 66 с.
5. Усманова.Э.Р Костюм женщины эпохи бронзы. Опыт реконструкций. - Лисаковск - Караганда, 2010. 176с.
6. Хабдулина М.К. Алакульский курган на реке Аксу//Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. 2000. С.40-52.

УДК 902/904

ШЫҒЫС ҚАЗАҚТАН ӨНІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖАҢА АШЫЛЫМДАРЫ

Алпысбаева Айша Тасболатовна

aishaalpysbaeva2005@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан;

Ғылыми жетекші - Ұ.Ұ.Үмітқалиев

Шығыс Қазақстан – археологиялық ескерткіштерді зерттеу екі ғасырдан астам уақыт өткен еліміздің санаулы әрі алғашқы адам өміріне өте қолайлы өңірлердің бірі. Шығыс Қазақстан Еуразияның орталығында орналасқан, аумағын Алтай, Шыңғыстау, Тарбағатай таулары алып жатыр. Шығыс Қазақстан өңірі – батысында - Орталық Қазақстанмен, шығысында Қытайдың Шыңжаң - Ұйғыр автономиялық ауданымен, солтүстігінде - Алтай өлкесімен және Ресей Федерациясының Алтай Республикасымен шектеседі. Қазақстанның Шығысында орналасқан Шыңғыстау жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу жұмыстары 2014 жылдан бастау алған, және қазіргі таңда үлкен жаңалықтар ашылууда. Әсіресе қола дәуірінің кезеңдеріне жататын ірі құрылысты ескерткіштердің ашылуы көптеген ғалымдардың назарын аудартып отыр. Слоның ішінде Қаракемер, алты қырлы сынды қола дәуіріне жататын жерлеу ескерткіштерінің табылуы мен зерттелуі көбіміз үшін жаңалық болып отыр.

Шығыс Қазақстанда - археологиялық ескерткіштерді зерттеу екі жүз жылдан астам уақытқа созылған бірнеше аудандарының бірі. Мұнда қорғандар, ежелгі заттар, сәулет ескерткіштерінің қирандылары, ежелгі шахталар және басқа археологиялық орындар XVIII ғасырда Г.Ф. Миллер, И. Г. Гмелин, П.С. Паллас және И.П. Фальк сияқты ірі ғалымдармен зерттелген. Ол кезде ғылым ретінде археология әлі болған жоқ және бұл ғалымдардың алғашқы археологиялық зерттеулері бүгінгі күнге дейін өз құндылығын сақтап келеді. Бұдан кейінгі ұзақ, екі жүз жылға жуық кезеңде археологиялық зерттеулер аз мөлшерде жүргізілді және Шығыс Қазақстан археологиялық тұрғыдан ең нашар зерттелген аудандардың біріне айналды [7, 5-6].

Жалпы Шығыс Қазақстанда жаңа зерттеулер жүргізілді алайда жаңа ашылымдарға дейін ғалымдар жүргізген зерттеулерді айтпай кетуге болмайды.

1862 жылы Шыңғыстаудағы қола дәуіріне тиесілі ескерткіштеріне алғаш болып В.В. Радлов қазба жұмыстарын жүргізген еді. Ғалым Аягөз қаласының маңынан он төрт қорған қазып, оның бірнешеуі қола дәуіріне тиесілі екенін көрсеткен [2, 21-22].

1948 жылы ҚазКСР ҒА тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған ШҚАЭ С.С. Черниковтың басшылығымен Қазақстанның Орталық мұражайы және Ленинградтық ММТИ қатысуымен бірге ауқымды барлау жұмыстарын жүзеге асырады. Барлау жұмыстары Шыңғыстау жотасын, Зайсан көлінің оңтүстігін, Тарбағатай мен Жоңғар Алатауын қамтыды. Тіркелген 113 ескерткіштің ішінде 8-і Шыңғыстау өңірінде анықталған. 1949 жылы Сарыкөл көлінің маңында екі қорымда қазба жұмыстары жүргізілді. Л.К. Нифонтова зерттеген №2 қорымда яғни Сарыкөл – 2 бір қоршауға қазба жұмыстарын жүргізеді [7, 15-16].

1985 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультеті, археология және этнография кафедрасының Ә.М. Оразбаев басқарған экспедиция - Шыңғыстау өңіріне жүргізіледі және қола мен ерте темір дәуірінің Тақтайбұлақ, Суықбұлақ, Қарасу, Шаған және Базарлы ескерткіштері табылады [1, 18-19].

Тәуелсіздік жылдарында Ә.Т. Төлеубаев пен А.И. Иссиннің, З.С. Самашевтің, А.З. Бейсеновтың Шыңғыстаудағы Сарыкөл көлінің маңындағы Текебұлақ-1,2,3; Қопа-1,2, қола ескерткіш кешенін Шығыс Қазақстан өңірінің археологиялық зерттелулері үшін үлкен үлес қосты деп айта аламыз [3, 45; 4, 369].

2013 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің археология және этнология кафедрасының Шыңғыстау археологиялық экспедициясы Ү.Ұ. Үмітқалиұлының жетекшілігімен Шыңғыстау өңірін зерттеуді әлі күнге дейін жүзеге асырып келеді.

Осы он жылдық қазба маусымында негізінен қола дәуірінің ескерткіштері көптеп зерттелді. Солардың қатарында кешенді зерттеулер жүргізіліп келе жатқан қола дәуірінің Қырыққүңгір ескерткіші бүгінгі күнге дейін қалыптасып үлгерген ғылыми тұжырымдарға жаңаша бағыта қарау керектігін көрсетіп беріп отыр [6, 2].

Қаракемер қорымы 2021 жылдың маусым айының 28-12 шілде аралығында зерттелді.

Координаттары: Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қараауыл ауылынан батысқа қарай 32 км. қашықтықтағы Қаракемер жайлауы, Барлыбай қорымы өзенінің оң жақ жағасы, екінші террасасында, өзеннің арнасынан 150 м. жерде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қорым қола дәуіріне тиесілі жеті ескерткіштен тұрады. Олардың планиграфиясы әртүрлі болып келген: шеңбер, шаршы және тіктөртбұрышты қоршау, тас қоршаусыз әрі толығымен жердің астындағы тас жәшіктер, тас қоршаусыз, бірақ анық бой көрсетіп тұрған тас жәшіктер.

Қорым орнын таулы өлкенің қойнауындағы жазық алқап деп сипаттауға болады. Ескерткіштер дөңестеу келген жайылма жерде орналасқан. Қорым орналасқан жер теңіз деңгейінен 1000 м. биіктікте жатыр. Қаракемер ескерткішіне қазба жұмыстары негізінен кездейсоқ басталды. Ескерткішті қазу кезінде бұлақ басына тігілген археологтардың қонысының дәл жанынан тас шеңбер қоршау анықталды. Қоршаудың диаметрі – 8 метрді құрайды. Қоршау тастары тігінен тұрғызылған, сондықтан жердің бетінен көрінбейді. Қазба жұмыстарының барысында шеңбер қоршаудың ішінен 2 тас жәшік анықталды. Солтүстік – батыс бағытындағы тас жәшіктің көлемі екіншісіне қарағанда көлемі үлкенірек, онда адам сүйегі анатомиялық реттілікте, шалқасынан жатқызылған, басы солтүстік батысқа қарай бағытталған. Адам сүйегімен қатар жылқы сүйегінен жасалған аттың ауыздығының бір бөлшегі табылды. Екі тас жәшіктің айналасынан төртбұрышынан әр жерлерге үйілген жылқы сүйектері табылған. Қоршаудың сыртын қазу кезінде солтүстік – батыс шетінен тас жәшік сыртында жылқы сүйектерімен қоса аралас тағы бір сүйектен жасалған ауыздықтың бөлшегі табылды. Ауыздық пен жылқы сүйектерінің табылуына байланысты Қаракемер қола дәуірі қорымында қазба жұмыстары ары қарай жалғастырылды.

№1 қола дәуіріне тиесілі ескерткіштің ішінде ер адам мен әйел адам қатар жерленген. Бастары батысқа бағытталған, бір-біріне қаратылып, аяқ-қолдары бүгулі күйінде жерленген. Ер адам сол жақта, әйел адам оң жақта. Адам сүйектері әр түрлі тереңдікте, шашыраңқы түрде, жақсы сақталған күйде табылды.

Әйел адам жатқан тұста, 70 см. тереңдікте қола моншақ пен ақ моншақтар табылды. Ақ моншақтар бас жақтан, қола моншақтар бас және аяқ жақтан шықты. Сонымен қоса әйел адам жатқан тұстың бас жағынан ракушка табылды.

Ер адам жатқан тұстың аяқ жағында, жәшіктің оңтүстік қабырғасы тұсында, 90 см. тереңдікте үш қола жебе, ретушталған тас жебе шықты. Жебе ұштары шығысқа қараулы, қатар-қатар қойылған түрде табылды. Жебелердің ағашы нашар сақталған, жебе ұштары жақсы сақталған күйде болды.

2023 жылғы қазба маусымында №51 қорған қоршаудың толық сыртқы топырақ үйіндісі тазаланып зерттелді. Қорғанның орталық бөлігінде оңтүстіктен – солтүстікке қарай қалдырылған бровканы алу барысында, орталық бөлігінен 55 см тереңдіктен анатомиялық күйін сақтаған адам сүйегі және шашылған жылқы сүйектері табылды. Адам шалқасынан жатқызылып, басы солтүстік батысқа қаратылып жерленген. Бас сүйегі жоқ мен қатар басқа да сүйектері нашар сақталған. Жерленушімен бірге табылған заттардан тек қана адамның кеуде тұсынан қара түсті тас амулет табылды. Амулеттің ортасында тесігі бар ұзын болып келген, оның ұзындығы 6 см. Қазба барысында толықтай бровканың орталық бөлігі алынып, ортаңғы тас шеңбердің іші толықтай ашылды. Қорған ортасын 2 метр тереңдікке дейін қазу барысында қабір құрылысының тастары анықталды. Қабір құрылысының беті үлкен әрі жалпақ тастармен бірнеше қабат болып жабылғаны байқалады. Батыс жақ шетіндегі тастары жүйесіз шашылып жатыр демек қабір тоналған. Тас құрылыстың шығыс бөлігінің тастары бірнеше қатарды құрап ретпен қаланған яғни жақсы сақталған.

Мегалитті кесененің диаметрі 43 метрге жететін үйіндісі бар, биіктігі 2,3 метрді құрайды. Үйіндінің астында үш қоршау табылды. Сыртқы қоршау алты бұрышты болып келген. Әрбір бұрышына мегалитті ірі тастар қойылған. Алты жаққа қойылған мегалитті тастардың ұзындықтары 11–13 метр арасында. Сыртқы қоршаудың жалпақтығы 0,8–1,2 метр, 6–7 қатар тастардан қаланған, биіктігі 0,60-0,70 метр. Екі ішкі қоршау сопақша пішінге ие (екінші қоршаудың диаметрі 12 метр, үшінші қоршаудікі 6 метр) [5, 240; 6, 529].

Бірнеше қатар қаланған жалпақ тастардың астынан ірі үлкен тастардан қырынан қойылған тас жәшікті қабір бар екені анықталды. Тас жәшіктің бетін үлкен екі таспен жапқан, олардың көлемі 1 м 20 см – 1 м 50 см. ұзынынан орналасу бағыты солтүстік-батыс, оңтүстік – шығыс. Тас жәшіктің ұзындығы 1 м 90 см, ені 1 м, тереңдігі 1 м 10 см.

Тас жәшіктің тоналғандығын тағы бір дәлелдейтін қыш ыдыстың қабір сыртынан табылуы. Қабір сыртында кездескен қыш ыдыс бүтін болғанымен ортасынан шашырап сынған. Қыш ыдыс орташа көлемді, күйдірілуі жақсы, өрнектері ернеуі мен иық тұсында салынған, ерте алакөл кезеңіне жатқызуға болады.

Тас жәшіктің іші тоналып кеткендіктен ешқандай адам сүйегі де, шығарып салатын заттар да кездеспеді. Тас жәшіктің оңтүстік-шығыс бұрышынан шашырап жатқан күйген, ұсақ адам сүйектері табылды. Бұған қарап адамның сүйегін тас жәшіктің ішінде өрдеген деген тұжырым айта аламыз, себебі тас жәшіктің оңтүстік-шығыс қабырғасында оттан кейін қалған күйіктің іздері табылды.

Шыңғыстау археологиялық экспедициясының ғалымдары алдағы қазба маусымында екінші және үшінші тас шеңберлер аралығындағы бос кеңістік жерлерді зерттеуді жоспарлап отыр. Себебі ескерткіштің көлемінің өте үлкен болғанына байланысты, бұл қорған бірнеше адамға арналған аталық бейіт болуы да мүмкін.

Ең сыртқы алты қырлы тас құрылысының қабырғалары 8 қатарға дейін тастармен қаланған жерлері кездеседі. Кейбір оңтүстік, оңтүстік – батыс бөліктерінің тастары нашар сақталған, қабырғаларда тек екі үш қатар ғана сақталған. Алты қырлы тас құрылысының әрбір бұрыштарына биіктігі 1 метрден асатын ірі тастар қойылған. Барлық сыртқы тастарды тазалап жуып қарау кезінде 20 тас қаландыда әртүрлі жануарлардың суреттері бар екені

анықталды. Әсіресе тас қаландыда салынған суреттер ішінде, жылқы суреттері көптеп салынған. Жиырма суретті композицияның ішінде екі түйенің бейнесі, екі адамның бейнесі, үш жыртқыш аңның бейнесі, төрт символикалық белгі және 23 жылқы бейнесі салынған. Ескерткіштер сыртында әртүрлі суреттерді бейнелеу Қазақстан жерінде көп кездеспейтіндігі және уақыты жағынан да ерте ескерткіш екенін зертеулер көрсетіп отыр. Қырықжүз ескерткішіндегі №26 ескерткіштердің архитектуралық құрылымы жағынан да Қазақстан жерінде баламасы аз, өте күрделі құрылыс және жаңа ашылым деп айта аламыз [6, 3].

Қорытындылай келетін болсақ бүгінгі таңда археология саласы жаңа бағытта алға дамумен қатар, осы уақытқа дейінгі ғалымдар мен зерттеушілер қауымына белгісіз болып келген және әлі зерттелмеген ескерткіштер қатарымен толығуда. Әсіресе бұрын қатты зерттеле қоймаған Шығыс Қазақстан өңірінен мұсым сайын жаңа нысандар табылып, зерттелуде. Осы жаңа ашылымдардың арқасында бүгінгі күнге дейінгі айтылған ғылыми теориялар мен пікірлердің өзгеріске ұшырауына және жаңаша ой тұжырымдар мен зерттеулер саны арта түсті дей аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Оразбаев А.М., Омаров Г.К. Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998, 18-19 с.
2. Радлов В.В. Отчет Императорской Археологической комиссии: за 1862 год: с атласом. -Санкт-Петербург. 1864, 21-23 с.
3. Толеубаев А.Т., Исин А.И., Омаров Г.К., Сайлаубай В., Умитқалиев У.У. Археологические памятники Шыңғыстау: могильник Текебулак-1 (Сарыколь -1). Результаты исследований 2002 г. // Шыңғыстау, Берел, Шілікті, Абыралы: 1999-2003 жж. Археологиялық зерттеулер. – Семей, 2004.
4. Төлегенов Е., Оралбай Е., Қариева Е., Әлжанов Қ., Сарыкөлескерткіштеріндегі 2010 жылғы қазба жұмыстарының қорытындылары // Марғұлановские чтения -2011. Материалы международной археологической конференций. (г. Астана, 20-22 апреля 2011 г.). - Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. 2011, С. 369 - 375.
5. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Мұсырманқұл П.Б. Шыңғыстау өңірінде 2021 жылы қола дәуірі ескерткіштеріне жүргізілген зерттеулердің қорытындылары // Марғұлан оқулары – 2021: «Этно мәдени зерттеулер контекстіндегі Ұлы Дала» атты халықар. ғыл.-әдіс. конф. материалдары (Алматы қ., 26–27 қазан 2021 ж.). 3 томдық. – Алматы, 2021, Т. 1, Б. 237–244.
6. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Нығманбекова Қ.М. Шыңғыстаудағы қола дәуірінің элитарлы жерлеу құрылыстары. 2023. 3 б.
7. Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы // Материалы и исследования по археологии СССР. – Л., 1960, № 88, С. 5-6.

УДК 902.01

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ КУЛЬТІ

Еділқызы Аяулым

edilkyzy.ayaulym2004@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ археология және этнология кафедрасының 2-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі-Ұ.Ұ. Үмітқалиұлы

Қазақстан территориясында мекен еткен ежелгі адамдардың шаруашылық типінің ауысуына байланысты олардың дүниетанымдық көзқарасы да бірте бірте ауыса өзгере бастады. Осыған байланысты күнделікті тіршілікте бастапқы орынға шыққан жылқы малын ежелгі адамдар азық немесе мініс құралы ретінде пайдаланып қана қоймай, оны құрметтеп, оған қасиет берді. Жылқының түрлі жосын-жоралғылардың басты кейіпкеріне айналып, қабірде өлген адамды о дүниеге тасымалдаушы қызметін атқаруы, сонымен қатар